

"Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезіндегі өтемақы төлемдерін берудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 292 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 тамызда № 14060 болып тіркелді

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 34) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезіндегі өтемақы төлемдерін берудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9672 болып тіркелген, 2014 жылғы 27 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу қағидаларын бекіту туралы», орыс тіліндегі мәтіні өзгертілмейді;

осы бұйрықпен бекітілген Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезіндегі өтемақы төлемдерін берудің қағидаларында:

5 және 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Өтемақы төлемдерін алу үшін халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақат алған және мертіккен адам не сенімхат бойынша оның өкілі (бұдан әрі – өтініш беруші) уәкілетті органға мынадай құжаттарды жібереді:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) спорттық жарақат алған немесе мертiккен адамның жеке куәлігінің не
п а с п о р т т ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

3) тиісті халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанын растайтын құжат;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене
шынықтыру істері комитетінің «Спорттық медицина және оңалту орталығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген халықаралық спорт
жарыстарында жарақат алу және мертiгу бойынша диагнозды көрсете отырып,
м е д и ц и н а л ы қ қ о р ы т ы н д ы ;

5) спорттық жарақат алған және мертiккен адамды емдеуге және оңалтуға шығын
қ ұ н ы н р а с т а й т ы н құ ж а т ;

б) есеп шотының бар болуы туралы анықтама.

6. Уәкілетті органның құжаттарды қарау, өтемақы төлеу немесе бас тарту туралы
шешім қабылдау мерзімі өтініш қабылдаған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн
б о л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Өтемақы төлемдерін төлеуді жүзеге асырудан бас тартуға мыналар:

1) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау;

2) өтемақы төлеуді жүзеге асыру үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

3) өтініш берушінің және (немесе) өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға қажетті
ұсынылған деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес
келмеуі негіз болып табылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Өтемақы төлеу халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақат алған
және мертiккен адамдарды емдеуге және оңалтуға шығындар құны мөлшерінде
Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктегі өтініш берушінің
есеп шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүргізіледі.».

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене
шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде
төлнұсқасына толық сәйкес келетін оның графикалық форматтағы көшірмелерін «
Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы
бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен
куәландырылған электронды және қағаз түріндегі көшірмелерін ресми жариялау үшін,
Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне
, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік

тізіліміне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәдениет және спорт министрі

Қазақстан Республикасы
А. Мұхамедиұлы

«К Е Л І С І Л Д І»

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
----- Т. Дүйсенова

2016 жылғы 4 шілде